

Бензин әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1015 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы
N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171
Қаулысымен.*

Ел экономикасының мұқтаждықтары үшін бензиннің қажетті қорын құру мақсатында және 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулы қолданысқа енгізілген сәттен бастап 2006 жылғы 28 ақпан кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағынан автомобиль бензинін (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды - 2710 11 410 0 - 2710 11 590 0) әкетуге тыйым салынсын

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.31. N 1332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2006.02.06. N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының аумағынан бензинді әкетуге тыйым салуды енгізгені туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі